

Семинардың тақырыбы: Публицистикалық стиль. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі. *Хабар, репортаж, сұхбат, корреспонденция. Корреспонденция түрлері*

Семинардың мақсаты: Публицистикалық стиль жанрларымен танысу, талдау.

Публицистикалық стиль

Публицистикалық стиль (бұқаралық ақпарат құралдарының тілі) – функциональдық стильдердің бірі. Публицистикалық стиль қоғамдық өмірдің алуан саласында саяси, мәдени экономикалық қарым қатынастарды көрсетуге қызмет етеді. Публицистикалық стильдің екінші бір ерекшелігі бар: ол ұлттық әдеби тілдің толығына зор ықпал етеді, әрі әдеби тілдің лексикалық грамматикалық жүйелеріндегі даму ерекшеліктерін көрсете алады.

Публицистикалық стильге газет, журнал, радио, теледидар, деректі фильмдер тілі жатады. Публицистикалық стильдің тақырыптық диапазоны өте кең: саясат, идеология, философия, экономика проблемалары, қазіргі уақыттың кезектегі міндеттері, ағымдағы саясат мәселелері, әлемдегі, қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістер т.б.

Публицистикалық стильдің негізгі мақсаты – өмірдегі оқиғалар мен фактілерді бағалау, философиялық дүниетанымдық көзқарас тұрғысынан пайымдау мен түйін жасау болып табылады. Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін атқарады, бірі – хабар беру, екіншісі ықпал ету. Тілдің екі қызметі ортақ прагматикалық «әрекеті» публицистикалық стиль тілінің құрылымдық жүйесінің ерекшелігін анықтайды.

Публицистикалық стильдің хабарлама функциясы тілдің құрылымдық жүйесінің бейтарап сөздердің лексикалық қатарлар тізбегі. Мәдени коммуникацияда стилистикалық амал тәсілдер хабарлама жеткізу үшін ауызша және жазбаша тілмен берілетін шығарманың стилистикалық нормасы жасалу қажеттілігі бірінші орынға қойылады. Тілдің стилистикалық әсер ету және прагматикалық мақсат ету функциясынан концептуалды сөздер, көркемдік тәсіл, сөйлем құрамы, сөйлемдердің компоненттерінің құрылымдық ерекшеліктері айқындалып отырады. Хабарламалық және әсер ету функциясының өзара ортақ қызмет бірлігінен сөздің экспрессивтігі және стандартты сөз үлгілері публицистикалық стильдің негізгі стильдік базасын құрайды, оның жазылуын тездетеді және қоғамдық қызметінің әмбебаптық рөлін атқарады. Публицистикалық стильдің лексикалық базасы көпшілікке тиімді, әсер ету мақсатын көздейтінін білдіреді, екіншіден, публицистикалық стильдің лексикалық қабатынан стиль түзу қабілетінің өзгермелі сипаты басым екендігін айғақтайды. Публицистикалық стильде жалпы ұлттық тілдің байлығы стилистикалық дәреже алуға икем болады. Көркем әдебиет стилінде жалпы халықтың тілдің лексикалық байлығы стильдік бояу, стильдік астар, стильдік реңк алуға бейім болса, публицистикалық стильде бейтарап лексикалық қабат стильдік дәрежеге көтеріледі. Публицистикалық стильде

оның жасалу жолдарының негізгі адам танымы мен эрудициясының толығып, дамып, жетілу процесімен тығыз байланысты.

Публицистикалық стильде лексикалық өзгертіп қолдану жалпы қолданыстағы сөздердің дамуы және әлеуметтік бағалаушы стильдік мәнер жасау процесінде ие болуымен айқындала түсетіндігін көруге болады. Әлеуметтік бағалаушы сөздер газет тілінің басты ерекшелігі болумен қатар, жалпы тілдік қордың, яғни лексикалық базасының номинациялық атауын ғана көрсетпейді, факт, оқиғаларды, құбылыстарды сипаттап қоюмен шектелмейді. Бұл құбылыс қазақ публицистикасының бірнеше сатысында өз мақсатына жетіп, тілдік процестің дамуына, қалыптасуына, жаңаруына ықпал етті. Публицистикалық стильдің лексикалық қабатына қоғамдық өзгеру, мәдениеттің түрленуі спорт саласының дамуы, әлеуметтік таптардың көзқарасының өзгеруі, саясаттың құбылмалы сипаты, экономикалық жағдай, халықтың тұрмыс тіршілігінің көрінісі, әр түрлі топтардың пайда болуы т.б. үлкен ықпалын тигізді.

Қоғамдағы әлеуметтік жағдай оның лексикалық-семантикалық топтарының атауларын өзгертіп қана қоймай, стильдік сипатына әсер етеді. 70-80 жылдардағы публицистикалық стильде жазылған шығармалардағы лексикалық қабат жоғары пафосқа толы, шабытты сөздер жағымды стилистикалық бағалаушы категория мәнерін құрды.

Егеменді жылдардағы публицистикалық стильдің лексикалық қабаты жағымсыз стилистикалық мәнер түзеуге қарай іріктеліне басталды, сонымен бірге қарама-қарсы мағынадағы сөздер мен сөз тіркестерінің стильдік жүк арқалаған сөздік қордың бір шоғыры пайда болды. Бұның басты себебі мынада: ұлттық идеологияның қоғамдық шындық пен оның өсу талаптарының қыр-сырын ашуға да тікелей арақатынасы публицистикалық стильдің лексикалық қабатының тура мағына мен ауыспалы мағынаның ортасындағы тұрақты стильдік қызмет атқаратын сөздермен толығыуы болып табылады. Көркем әдебиет стилінің авторымен салыстырғанда публицистикалық мәтіннің авторы «шебер журналист», сонымен қатар, «жеке тұлға» да бола алады. Осындай белгілі себептермен публицистикалық стиль тілдік стильдік құрылымдағы стильдік мәнердің жалпыдан жалқыға, эмоциональдық, субъектілік сипаты мен басылымдылығы осы жағдайдарға тікелей байланысты болып келеді. Публицистикалық стильдің ерекшелігі, яғни, жалпы тілдік қабаттың лексикалық қазынасының барлық қатпарларын пайдаланады. Публицистикалық мәтіннің авторы тағы бір жеке тұлға ретінде танылады, яғни ол әлеуметтік адам, ол саяси өмірдің барлық қыр-сырын әлеуметтің назары мен көзқарасының жиынтығы тұрғысынан қарайды, сондықтан ол шындық болмысқа реалды түрде белсене араласады.

Публицистикалық стильдің субъективті объективті мәнін анықтауда лингвостилистикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда «автор» деген ұғымның атына да көп жағдайда қатыстылығы айқындалып отыр. Қазіргі публицистикалық стиль түзуші автор «жұмсақтық, адамгершілік қасиеттерге» көп көңіл бөлгендіктен, өзінің ойы мен сезімін қатар ұстап,

ойшылдық, көрегенділік қасиеттерді қайта електен өткізетін, өз құқығын нақты пікірмен ұштастыратын тұлға ретінде танылады.

Қазіргі публицистикалық стильде авторлық «мен» стилі ерекше стильдік мәнермен оқшауланып, даралана бастады.

Баспасөз жанрларын, негізінен, 3 топқа:

ақпаратты (хабар, есеп, сұхбат, репортаж);

аналитикалық (мақала, корреспонденция, рецензия, шолу, хат);

көркем-публицистикалық (эссе, очерк, фельетон, памфлет) жанрларға бөлуге болады.

Публицистикалық стильде қазақ ұлттық әдеби тілінің өзіндік орны бар. Публицистикалық стильдердің стилистикалық құрылысы ұлттық әдеби тілдің дамуы, баю, толығу үрдісіне негізделеді. Публицистикалық стильде көптеген жаңа сөз, сөз тіркестерінің қолданысқа түсіп, әдеби тілден берік орын алуы жиі ұшырасады. Публицистикалық мәтін екі негізгі функцияны атқарады. Осы екі негізгі функция публицистикалық стильдің мәтіндегі стильдік құрылымының басты күрделілігі болып табылады.

Осы күрделі стильдік құрылым екі бірліктен тұрады:

-Экспрессиялы сөздер;

-Стандартты сөздердің бірлігі.

Хабар – БАҚ- та күнделікті оқиғаны хабарлайтын материалдар онда бүгінгі кешегі ертеңгі оқиғаларды хабарлау үшін белгілі сөздер тізбегі іріктеп алынады. Хабар бар жоғы бірнеше жай сөйлемдерден тұрады. Хабарларда оқиғаның **қашан, қалай, қайда** болғанын көрсетеді, сұраққа орай жауап оқиғаның мезгілін, мекенінің қатыстылығын көрсетіп, үстеудің мезгіл, мекен мағыналық топтарымен жұмсалады. Хабарда етістіктің барлық қимыл әрекетіне қатысты шақтық, жақтық, райлық тұлғалары қатыса алады. Хабарлар әр уақытта көптік формада айтылады, себебі автордың сырт жағында ұжымдық топ тұратындықтан, оның көпше түрінде берілуі стильдік заңдылыққа сәйкестену процесі қалыптасқанын байқатады. Хабардың айтылуы көрсетілуі сан алуан тақырыпқа қатысты болып келеді, сондықтан онда экономикалық қарым қатынасқа, мәдениет, оқу ағарту саласына, заң тіліне, әскер өміріне қатысты сөздер жиі кездеседі. Ол публицистикалық стильдің қоғамдық саяси терминдерін құрайды, оның семантикалық стильдік өзгеріске ұшырауы қоғамдық көзқарасқа тікелей тәуелді.

Публицистикалық стильде ықпал ету қызметі эмоциональды экспрессивті сөздермен, көркемдік бейнелілік амал тәсілдер арқылы прагматикалық мақсатпен жүзеге асады. Публицистикалық стильдің жанрларының бірі **репортаж**, француз тілінен шыққан мерзімді баспасөзде жарияланатын радио мен телеарналар арқылы берілетін оқиға туралы хабарлау. Репортер ағылшын сөзі. Ақпарат агенттері қызметкерлерінің әр оқиға мен құбылысты жедел жеткізу мәтіні репортаж болып беріледі, оған ресми баяндау, қысқа сұхбат, тарихи хронология жатады.

Публицистикалық ақпарат жанрларының бірі – **сұхбат** (*интервью* (англ. *Interview*) — может означать: *интервью* – разновидность разговора). Қоғам қайраткерлерінің сұхбат (интервью) алушымен жүргізетін

мәліметтік, дерек алу мақсатындағы мәтін түрі. Сұхбат көбінесе сұрақ пен жауапқа құрылады. Сұрақ жауап диалогтік қатынасқа құрылады, сұхбатта сұрақтың түрлері көп кездеседі, сұраулы сөйлемдер, сұрақтың нақтылығы, сұрақтың маңыздылығы сияқты сан түрлі сұраққа қатысты стильдік сұрақ процесі туындайды, сұраулы сөйлемдер қолданылады. Соның ішінде сұхбат жанрына риторикалық сұрауды білдіретін сұраулы сөйлемнің бұл формасы хабар ретінде, айтылған пікірді білдіреді. Сұхбаттың монолог, хабарлама, суреттеме, сұхбатнама және ұжымдық деген түрлерінің болуына байланысты, публицистикалық стильде сұрақтың прагматикалық салмағы ерекше байқалып отырады.

Теледидардағы публицистикалық стильдің ең көп тарған түрі «сұхбат» болса, **хабарлама сұхбат, проблемалық сұхбат, сұхбат, сұхбатнама** деген түрлері кездеседі. Сұхбаттың басты мақсаты белгілі сұрақ төңірегінде пікір алысу, сондықтан бір мәтінде сұрақтар түрі көп қойылады. Автор сұхбаттық әңгімеге қатысушы тұлғаны барлық қырынан көрсету үшін және толық тану үшін сан алуан сұрақ қояды. Онда дерек алу, қоғамның әлеуметтік жағдайына сипаттама беру, жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайын көрсету, психологиялық жай күйін таныту, яғни танымдық тәрбиелік адамгершілік қағидалар туралы мәселелер көтеріледі. «Сұрақ қою мәнері» ауызекі сөйлеу тілінің «сұрақтарымен» ұқсас болып, автордың стильдік мәнері қалыптаспаған сәттері де байқалады.

Ауызша сөйлеу стилінің, шешендік стильдің, публицистикалық стильдің ең бейнелі сөз образдарынан тұратын сөз, сөз тіркестері сөйлемде баяндалады.

Ауызша тілдің көрінісі публицистикалық стильде ерекше байқалады. «Рахат» телеарнасында спорт хабарын жүргізуші былай деді: *«Кезекте тұрған адамдар молынан екен»*. Дұрысы: *кезекте тұрған адамдар көп екен*. «Район масштабында спортшы балаларды көтеру керек». Дұрысы: *Аудан көлемінде спортшы балаларды іріктеу керек*. «Бір сауалды сізге бағыттағым келіп отыр». Дұрысы: *Сізге бір сауал қойғым келіп отыр*.

Көптік ұғымның бірден бір грамматикалық көрсеткіші көптік жалғау болғанмен, оның әр түрлі тәсілдері арқылы жасалуының өзі қызметінің сипатына қарай семантикалық стилистикалық мағынасының сан алуан қызметін көрсетеді.

Корреспонденция

Баспасөздегі корреспонденция. Корреспонденция негізіне өз алдына бөлек, әлеуметтік маңызы бар оқиға алынады. Журналистің оқиға ортасында болуы маңызды емес, ол оқиғаны көзімен көрген, басы-қасында болған куәгерлердің әңгімесінен, не болмаса дерек көздеріне сүйеніп жазуына болады. Қазіргі таңда кейбір зерттеушілер корреспонденцияның екі тобын бөліп көрсетеді – ақпараттық және талдамалы. Алайда, ақпараттық корреспонденцияның өзінде талдамалы жанр элементтері, яғни бағалау, болжам және т.б. кездеседі. Сондықтан да корреспонденцияны талдамалы жанрға жатқызған дұрыс. Орыс ғалымы Н.Голядкин жанрды қалыптастыратын мынадай белгілерді атайды:

- зерттеу құралы ретінде проблемалық тұтастықтағы жеке жағдай;
 - нақты жағдайды талдау негізінде ағымдағы болмыстың даму заңдылықтарын табу;
 - дерек мәтіннің негізі ретінде, оны түсіндіру;
 - жүйеленген деректердің қорытудан шығатын авторлық ой-пікір;
 - айқын көрсетілген тізбек, тезис, дәлелдеме, айғақ, қорытынды.
- Корреспонденция – публицистикадағы кең тараған жанр. Бұл жанр баспасөздің пайда болуымен қатар дамыды. XIX ғасырдағы қазақ баспасөзінде корреспонденция жанрындағы материалдар алғашқы мерзімдік басылымдарда жарық көре бастады. “Дала уәлаяты”, “Түркістан уәлаяты”, “Қазақ” т.б. газет-журналдарда корреспонденция жанрындағы материалдар жеке айдар болып қалыптасты. Газетті корреспонденциясыз көз алдымызға елестету қиын. Бұл жанр мақаламен қатар газетте аса маңызды рөл атқарады. Корреспонденция – журналистің зерттейтін әлеуметтік мәні бар мәселе жайлы туындысы, уақытпен шектелген публицистиканың жанры. Корреспонденцияның ерекшеліктері төмендегідей:
- корреспонденцияның мақсаты – болып жатқан оқиға жайлы хабардар ету, жеңіл түрде есеп беру, кейде үгіттеу элементі орын алады;
 - корреспонденциядағы шындық бейнесін айқындайтын басты әдісі – болып жатқан оқиғаны бақылау, қосымша ретінде құжаттары зерттеу, сонымен қатар, журналистің өзіндік көзқарасы;
 - корреспонденциядағы шындық белгілі бір аудиторияны қамтиды;
 - корреспонденцияда бейнелеу, суреттеу құралдары қолданылады.

Жалпы корреспонденцияның міндеттерін былай сипаттауға болады:

- қазіргі шындықты зерттеудегі заңдылықты анықтау;
- қоғамда болып жатқан оқиғалармен байланысын анықтау;
- толық түрдегі нақты құбылыстарын көрсету;
- тәжірибені белгілі бір тақырып бойынша зерттеу.

Корреспонденцияның мазмұны нақты айғақтардың шеңберімен, соған байланысты дәлелдерді қамтиды. Корреспонденцияда не? қайда? қашан? деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқиғаны баяндау жеткіліксіз және оның мазмұнын мәліметтермен кеңейтіп толықтырып отыру қажет. Бұқаралық ақпарат құралдары тәжірибесінде корреспонденцияның түрлері көп, соның негізгі үш түрі кездеседі.

Ақпараттық корреспонденция. Корреспонденцияның бұл түрі оқиғаның, не құбылыстың уақыты мен орны байланысқан хабардың мазмұнын көрсетеді. Ақпараттық корреспонденция – бұл кеңейтілген мақала. Не? қайда? қашан? деген сұрақтарға жауап оқиғаның кейіпкерлері жайлы мәліметтермен, оқиғаға дейінгі және кейінгі мәліметтермен толықтырылады. Талдау және қорытындылау корреспонденцияда аса маңызды рөл атқармайды. Басты талап – оқиғаны нақты, байланысқан түрде, дер кезінде жеткізу.

Сараптамалық корреспонденция. Корреспонденцияның бұл түрі хабар берумен қатар, оған талдау жасайды. Не? қайда? қашан? сұрақтарымен қоса

не мақсатпен? қалайша? деген сұрақтарға жауап іздейді. Оқиғаларға, ұсыныстарға, қорытындыларға баға бергенмен де, ол нақты бола алмауы да мүмкін. Уақытпен, оқиға орнымен шектелуі мүмкін. Сонымен қатар, мәселенің қойылуын қарастырады. Сараптамалық корреспонденция мақаланың жазылуына себепкер бола алады.

Суреттеме - корреспонденция (зарисовка). Корреспонденцияның бұл түрі уақыт және оқиға орнымен шектеледі және автордың бейнелеуі мен суреттеуі арқылы беріледі. Талдау екінші орынға түсетін корреспонденцияның сирек кездесетін түрі. Автор материалдың мазмұнына оқиғаға деген өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік алады. Корреспонденцияның бұл түрі әдеби тіл мен көркем-публицистикалық тілді пайдалануды талап етеді. Журналистің корреспонденциямен айналысуы, оның белгілі бір оқиғаны зерттеу талпынысына байланысты (керек болса, оқиға кейіпкерімен кездесу, іссапарға бару, сарапшылардың кеңесі). Корреспонденция – нақты материалға құрылған, өзекті тақырыпты арқау ететін, белгілі бір мәселеге талдау жасайтын жанр және өмір шындығының үзіндісі. Корреспонденцияда мақалаға қарағанда дедукция-бөлшектеу әдісі қолданылады, яғни мәселе жекеден жалпыға көшіп отырады. Ақпараттық корреспонденцияда материал кең қамтылады, тақырып тиянақты дамуымен ерекшеленеді. Талдамалы корреспонденцияда суреттелетін құбылыстың себептері ашылады. Жоспарланған корреспонденцияда деректердің талдануы мен бөлшектенуі негізінде өзекті, көкейкесті мәселелерді бейнелейді.

Талдамалы корреспонденцияда тілші оқырманмен бірлесе отырып, бірқатар деректерді талдайды, салыстырады, қатар қояды, бағалайды. Егер мақала құрылымы өз еркінде болса, корреспонденцияда айдар, кіріспе, негізгі бөлім және соңы болады. Айдары бойынша корреспонденцияның сипатын білуге болады. Бұл жанрдың әр түрлі бастамалары болады: сюжеттік, ақпараттық, мәселелік. Барлық газет жанрларының кезеңдік басылымдар үшін өз орны мен маңызды мәні бар. Әрбір жанр анықталған міндеттерді орындайды. Ақпараттық корреспонденция – қандай да бір дерек арқылы оқиғаларды хабарлайды. Талдамалы жанрлар (әсіресе, деректер мен комментарийлер, корреспонденция, мақала, бейне, шолу, журналистік зерттеу) қандай да бір маңызды мәселені, тақырыпты зерделейді, сондай-ақ, қоғамның дамуы мен өзге де оқиғаларға нақты талдау жасап береді. Талдамалы жанрлар деректері баспасөз материалдарының негізі болып табылады. Авторлық ұстаным, тезис, қорытынды, зерттеулер тізбенің логикалық құрылуының талдамалы жанрларының негізін көрсетеді. Сонымен қатар, әрбір жанрдың өзінің негіздемесі, ерекшелігі, айырмашылығы болады.

Глоссарий

1.Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тілінде кейіннен стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған.

2. Публицистика (латын тілінен: көпшілік, әлеумет) - қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған [газет](#), [журналдардағы](#) мақалалар, [памфлет](#), [очерк](#) т. б. шығармаларды, шешендік сөздер публицистикалық стильдің ауызша түріне жатады.

Памфлет (от [англ. pamphlet](#) — «[брошюра](#), [буклет](#)») — разновидность художественно-публицистического произведения, вид политической литературы, брошюра или статья резко обличительного содержания. Имеет сходство с [пасквилем](#), но отличается от него тем, что касается не личной жизни, а общественной деятельности обличаемого лица^[1].

Памфлет термин ретінде 12 ғасырда қолданыла бастағанымен, оның классикалық түрі Қайта өрлеу дәуірінде (16 ғ.) қалыптасты. Ежелгі Грекия мен Римде шешендік сөз, ғылыми трактат (Демосфен, Цицерон, Ювенал) түрінде келіп, кейін мазмұн, пішін тарапынан барлық жанрды қамтыды. Памфлет қара сөзбен де, өлең түрінде де келеді, насихатқа негізделіп, барша қауымға түсінікті болады. Памфлет қоғамның саяси-әлеуметтік тынысын бейнелейді, нақты оқиға, дерекке байланысты туындайды. Кейде Памфлет жала жабу мағынасында келсе, **пасквиль** деп аталады. Публицистиканың жанры ретінде қара сөзбен ғана емес, өлең түрінде де жазылады. Памфлет белгілі бір құбылыс, оқиға, деректерді, мемлекеттік саяси жүйе мен беделді қоғам қайраткерлерінің ықпалын қысқа негізде сатира үлгісінде де әшкерелейді. Сәбит Дөнентаев мысал, фельетон жазумен қатар, қазақ сатирасын сюжетті сықақ өлеңдермен байытты. С.Сейфуллин «Күзетші иттер», «Ұлтшылдың сандырағы», «Отарба мен ақ төбет», «Қара арбада», т.б. сатиралық өлеңдер жазды. Бейімбет Майлин шығармаларын, сатираға мол орын берілді.

4. Фельетон (фр. feuilleton, feuille – парақ) – публицистикалық негіздегі әдеби шығарма. Әдеби термин ретінде 19 ғасырдан қолданыла бастады. Француздың “Журнал де Деба” газеті өзінің қосымша шығарған парақтарын Фельетон деп атаған. 19 ғасырдың 1-жартысында болған француз революциялары кезінде бұл парақтарда негізінен қоғамды сынайтын мақалалар басылды. Кейіннен “Фельетон” термині Франциядан Германияға, кейін Ресейге ауысты. Неміс, орыс баспасөздерінің белгілі бір беттері Фельетон деп аталып, онда қоғамдық-саяси мақалалар, сыни-айтыс еңбектер, әдеби шолулар жарияланды. Келе-келе Фельетон белгілі бір нысананың

кемшіліктерін күлкіге айналдыратын сатиралық жанрға айналды. Қазақ жерінде алғаш 20 ғасырдың бас кезінде пайда болды. “Айқап” журналы өзінің негізгі бөлімдерінің бірін Фельетон деп атап, онда қазақтардың тұрмыс-тіршілігі туралы әр түрлі мақалалар, көркем әңгімелер, тарихи деректер жариялап отырды.

Сұрақтарға жауап беріңіз?

1. “Стиль” ұғымына түсінік беріңіз?
2. Публицистикалық стиль дегеніміз не?
3. Публицистикалық стильдің жанрларын атаңыз?
4. «Хабардың» құрылымы қандай және қандай тақырыптарды қамтиды?
5. Публицистикалық ақпарат жанрларының кең тараған түрі?
6. Корреспонденцияға анықтама беріңіз?
7. Корреспонденцияның қандай түрлері бар?
8. Мерзімді баспасөзде жарияланатын радио мен телеарналар арқылы берілетін оқиға туралы хабарлау түрін атаңыз?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әлкебаева Д.А. «Қазақ тілінің прагматилистикасы». Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 бет.
2. Әлкебаева Д.А. «Сөз мәдениеті». – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
3. Баялиева Д. «Қазіргі қазақ баспасөзіндегі ұлттық, мәдениет, салт-дәстүр және тіл мен стиль мәселелері». Қарағанды, 2009.
4. Шындалиева М. «Публицистика жанрлары мен пішіндері». Астана, 2012.
5. <http://engime.org/ouli-astana-2012-azastan-respublikasini-bilim-jene-filim-minis.html?page=8>
6. Оразбекова Зейне, Женгиз Ерман. «Язык и стиль современных СМИ», 2017, 225 стр. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=30094032>
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%83%D0%B1%D0%BB%D0%B8%D1%86%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%81%D1%82%D0%B8%D0%BB%D1%8C